
ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2024

Жылына 4 рет шығады
2001ж. Шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 15.03.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курьжжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 15.03.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

© Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the **A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute**, Astana, Kazakhstan
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the **A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute**, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkerova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АЛПЫСБАЕВА А.Е., АШИМХАНОВА С.А., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	М. Жұмабаевтың «Гүлсім ханымға» өлеңінің лингвопоэтикасы және аудармадағы көрінісі.....	7
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракиме» еңбегіндегі кейбір түркі сөздерінің этимологиясы.....	24
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С.	Шерхан Мұртаза шығармаларындағы ұлттық мәдениеттің тілдік көріністері.....	35
КҮДЕРИНОВА Қ.Б. СЕРІКҚЫЗЫ М.	А.Байтұрсынұлы сөзсаптамындағы қазақ сөзінің дәстүрлі прагматикасы.....	52
KURMANGALI F.T., MAMAYEVA G.B., BEIMBETOVA A.A.	National cultural connotation of regular expressions and national code in kazakh and english languages.....	67
РАЙНБЕКОВА Г., KASAROGLU CENGEL H.	Терминологиядағы антонимия (қазақ тілінің антонимдер сөздігі негізінде).....	80

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СӘРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Ясауи хикметтеріндегі айшықтаулардың көркемдік қызметі.....	92
АКНМЕТОВА І.В., KALIYEV A.K., АҒА М.	The role of woman in birth rituals of kazakh and turkish people.....	104
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М.	Постмодерн әдебиетіндегі қала тақырыбы.....	118
ISPANDIYAROVA A.T., ABSADYK A.A.	The concept «woman» in kazakh folk lyrics.....	133
ИБРАЙХАНОВА А.Қ.	Сапарғали Бегалин поэмаларындағы ертегі, аңыздар ізі.....	143
ҚАМАРОВА Н.С., ЖАЙЛОВОВ Б.С.	Әбіш Кекілбайұлы – әдебиеттанушы.....	157
НОҒАЙБЕКҚЫЗЫ Л., ДАРИБАЕВ С.Д.	Бесікке салу ғұрпына қатысты қастерлі ұғымдар	172
НУРГАЛИ Қ.Р., МЕЛЬНОВА К.В.	Основы миропостроения в произведениях жанра фэнтези.....	188

СЕЙСЕНҚҰЛҰЛЫ Ө., КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ТӨЛЕУБАЕВА К.А.	«Абайтану» ғылымы және қытай қазақтарының Абайды тануы.....	200
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б.	Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасындағы әдеби интерьердің мекеншақтық қызметі.....	213
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Образ грешницы в драме А.Н. Островского «Гроза».....	224
ҮЕРСАИНОВА А.В., КОШАНОВА ЗН.Т., ТАЛАСПАЕВА ЗН.С.	The contribution of the academician and writer Sabit Mukanov to Shokan studies.....	236

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ
ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND
LITERATURE**

КЛЫЧНИЯЗОВА Г.Н., СЫРЛЫБАЕВА Г.Т.	Оқушылардың айтылым мәдениетін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілері	248
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С.	Эпостардағы «қаһарман-қыздар» бейнесін ЖОО-да СТО технологиясы арқылы оқыту.....	263

FTAMP 82-13

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-1.11>

А.Қ. ИБРАЙХАНОВА 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: akmaral_rollan@mail.ru)

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ЕРТЕГІ, АҢЫЗДАР ІЗІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Сапарғали Бегалин поэмаларындағы ертегі, аңыздар ізі қарастырылып, талданған. Мақаланың мақсаты – ақынның ертегі мен аңыз сюжетіне негізделіп жазылған поэмаларын басқа шығармаларынан бөліп алып, заман талабына сай жаңаша зерделеу, ақынның шығармашылық қырын дәріптеу. Себебі қазақ балалар әдебиетіне елеулі үлес қосқан Сапарғали Бегалиннің шығармалары бүгінгі күнге дейін жанрлық тұрғыдан жіктеліп, жеке қарастырылмаған. Мақалада С. Бегалиннің «Қыран кегі», «Ұр, тоқпақ», «Сырлы қайнар» атты поэмаларының көркемдік-идеялық ерекшеліктері талданып, образ сомдау ерекшелігі айқындалған. Ақын поэмаларында кейіпкерлер бейнесін жасау, олардың рухани дүниесін ашу сияқты көріністерді шебер суреттегені жайлы зерделенген.

Сапарғали Бегалин әдебиет жанрының барлық саласында қалам тербеген ақын. Шығармашылығын өлең жазумен бастап, салмағы ауыр эпикалық туындыларға да назар аударған қаламгер соңынан прозалық туындылар да қалдырды. Шығармашылық мұрасының қамтитын тақырып аумағы өте кең, жанрлық сипаты күрделі, көркемдік ерекшеліктерге бай, шығармаларының негізгі идеясы, шығармашылығының зерттелінуі көп жылдық тынымсыз еңбекті талап етеді. Осынау мол мұра иесінің бүгінгі ғылыми жұмысымызға арқау болған туындылары үлкен еңбектің бір бөлігі іспеттес.

Түйін сөздер: поэма, аңыз, кейіпкер, автор, ертегі, балалар әдебиеті, жас ерекшелік.

Кіріспе. Қазақ балалар әдебиетінің өсу, өркендеу, даму барысында көрнекті рөл атқарып келе жатқан негізгі жанрдың бірі – поэма. Оның терминдік түсінігі мен жанрлық ерекшелігі жайлы жүйелі заңдылық қалыптасқаны белгілі. Профессор А.Еспенбетов: «Қазақ поэмасы ХІХ, ХХ ғасырларда туып, қалыптасты делініп жүр. Ықылым замандар ахуалынан сыр шертетін батырлар жыры, ғашықтық жырлары, халық өмірінің шежіресіндей тарихи жырлар, бертінде қазақ әдебиетіне сіңісіп кеткен шығыстық сюжетке құрылған қиссалар әдебиетіміздегі романтикалық, реалистік поэмалардың ілкі

тарихын, өсу бағытын, даму процесін ой көзінен өткізуге себін тигізеді» [1, 148] деп поэма жанрының дүниеге келу себебін қарастырса, Ә. Нарымбетов: «Алдымен, эпикалық поэмада шиеленіскен тартыс, өткір сюжет болу керек. Поэма кейіпкерлері төтенше іс, айрықша әрекетімен көзге түссін. Әдеби образға жаңдандыратын, жан бітіретін төгілген көрікті тіл, оқушыны желпіндіріп, тамсандырып отыратын көркемдік бейнелеу амалдары да ауадай қажет. Оқушыны толғандыратын, тебіренетін, ұзақ уақыт есінен кетпес терең ой, тағылымды пікір болу керек поэмада» [2, 182], - деп поэманың өзіне тән ерекшелікті атап көрсетеді.

Балаларға арналған поэма жанры өзінің бастау көзін фольклордан алғаны белгілі. Халық жадында берік орныққан ертегі мен аңыз, мысал мен жыр дастан үлгілері ақын-жазушылардың жеке шығармашылығына да өз әсерін тигізді. Сол себепті балалар әдебиетінде ертегі поэмалар, ертегі повестер, ертегі пьесалар пайда болды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында түсіндіру, топтау және теориялық талдау әдістері қолданылады.

Еліміздің егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздік алуы – сөз өнерін өнер заңдылығы, өнер табиғаты тұрғысынан объективті талдауға кеңінен мүмкіндік бермеген маркстік-лениндік әдіснамадан арылтты. Тоталитарлық жүйенің орнығуымен тікелей сабақтас кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің туу, қалыптасуы сынды күрделі кезеңінің идеологиялық қысымнан шеккен ауыр зардабы байыптала бастады [3, 435]. Ол балалар әдебиетіне де оң өзгерістер мен соны жаңалықтар әкелді. Сыңаржақ идеологиядан ажырап, тәуелсіздік алған соң қазақ ақындарының балаларға арналған шығармаларына деген жаңаша көзқарас орнады.

Қазақ әдебиетінде ертегі поэмалар жанр ретінде ХХ ғасырдың басында қалыптасқаны белгілі. Балалар ақындары поэмаларына «Өзінің негізгі сюжетін ертедегі жыр, қисса, дастандардан алғаны даусыз» [4, 83] деген ғалым Т.Кәкішевтің пікірі шындық. Бұған өзінің шығармашылық жолында аңыз негіздерін көп арқау еткен Сапарғали Бегалиннің «Қыран кегі», «Сырлы қайнар», «Ұр, тоқпақ» поэмалары дәлел. Бұл туындылар – балалардың жас ерекшелігі мен олардың ойлау қабілетінің ескеріліп, ең бастысы – балаларға арналған поэма жанрының даму үстінде екендігінің тағы бір дәлелі.

Талқылау мен бақылау. Сапарғали Бегалиннің құсбегілік жайлы аңызға негізделіп жазған поэмасы – «Қыран кегі». Поэма халық аңызының әдеби-поэтикалық өңделуі негізінде жазылған. Ақын поэмасының ерекшелігі: әдеби өңдеу арқылы аңыздағы ойды қайта өңдеп, ойды кеңейте түсуінде. Автор поэманы оқырман қауымның түсінуіне жеңіл тисін деп, «Тінейге түскен құс», «Қыран ұясында» деп екі бөлімге бөліп, ықшамды етіп жазған. Поэманың басты кейіпкерлері – Сұрмерген, қыран, жас бала Тіней. Поэмада Ойтүндік өзенінің бойында аңшылық кәсіп қылып жүрген Сұрмергеннің іс-әрекеті баяндалады.

Аң аулап жүрген кезде суға келген киіктің текесін атып құлатқан Сұрмерген көктен түйіліп, текені іліп ап, қайтадан аспанға көтерілген қыранның қылығына таңырқап қарайды. Шығармада осы тұста Сұрмергеннің баласы Тіней образы белең алады. Сюжеттік даму барысында әкесімен бірге кезекті аң аулауға шыққан Тінейді қыран көкке алып, ұша жөнеледі. Баласынан айрылған Сұрмергенді ақын поэмада былай деп суреттейді:

«Саңдалып сонда Сұрмерген
Күңіренді зарлы үнменен.
Қайғырып қайтты қосына,
Тыңдады жалғыз түн керең.
Не істерін білмей Сұрмерген
Отырды орман ішінде.
Айрылып жалғыз баладан,
Көргендей болды түсінде» [5, 156].

Автор баласынан айрылған әкенің мұң-зарын осылай бейнелейді. Кейіпкердің тосын жағдайға тап болуы, мұңын шағар жанның жоқтығы, оның зарына тек тылсым табиғаттың ғана куә екені поэманың қайғылы сәтін тереңдете түскен. «Тінейге түскен құс» бөлімінде жоғарыдағы оқиға айтылса, «Қыран ұясында» атты екінші бөлімде Тінейдің құс ұясында басынан кешкен іс-әрекеті сомдалады.

«Баланы ілген ақиық
Кетті шырқап аспанға,
Қанат, құйрық суылдап,
Тартты биік асқарға.
Булығып көзге жас толып,
Дірілдейді тұла бой.
Қол, аяқ кеткен созылып,

Жинақталмай қашқан ой» [5, 159] – деген жолдар арқылы автор суылдап ұшқан қыран мен үрейден дірілдеп-қалшылдап үн шығара алмай, қорқып келе жатқан бала бейнесін сомдайды. Тінейдің үстіндегі киік терісін аң деп ұққан қыран баланы биік құздағы ұяда жатқан балапанына азық ретінде апарып береді. Бала құс ұясындағы әртүрлі аң еттерінің жатқанын көреді, қыранның баласы солармен тамақтанатынын түсініп, зәре-құты қалмайды. Сол кездегі баланың қорқынышты сәті поэмада:

«Қозғалуға қыраннан
Қорқып Тіней түнімен.
Атқанша жатты жазғы таң,
Айрылып мүлде есінен» [5, 164] – деп суреттеледі.

Тастай қараңғы түнде құстың тосын қимылы бала Тінейді одан әрі үрейлендіре түседі. Таң атысымен қыран көкке қайта көтеріледі, осы сәтті пайдаланған бала қалайда құтылып шығудың амалын іздей бастайды. Қия-

қияны кезіп, жасырынатын бір үңгір тауып алады. Сол үңгірде шикі етті күнге қақтап жеп, күнін көреді. Ұядағы балапанның есейгенін күтіп жүрген бала айла тауып, бөкен терісінен есіп, арқан жасайды. Тінейдің осы сәттегі аянышты халі мен ауыр тағдыры поэмада:

«Арқанды байлап белін

Тіней құсты босатты.

Ширыққан қыран дауылмен,

Тінейді алып көкке атты» [5, 165] – деп бейнеленеді. Қыран баланы орман үстімен көкке алып ұшқан кезде бала жолында кездескен бір зәулім қарағайды паналап қалады. Арқаннан жасалған аяқбауы үзілмей, құс та, өзі де ағаштың басында тұрады.

Жазбады Тіней құшағын.

Солқылдап қарағай,

Салмақ басып бұтағын» [5, 166].

Поэмада баланы Сүрмергеннің досы құтқарып қалады. Қыранды да жібермей, баланы да аман-есен сақтап қалады. Аңыз оқиғасының соңы баласымен табысқан ата-анасының бақытын суреттеумен тәмамдалады.

«Адамның шектеулі ғұмырының ең шұрайлы, шуақты шағы – балалық шақ. Бұл дәуреннің қайталанбас күншуағын суреттеу әр автордың қолынан келе бермейді. Бала жүрегі сезімтал. Шындық пен жалғандықты, мейірімділік пен қатыгездікті әрдайым аңғарғыш» [6,35] екенін ескерген ақынның бұл туындыны жазудағы негізгі мақсаты – оқушысын құсбегілік өнердің қыр-сырымен таныстырып, адам баласының алғырлығын сөз ету. Поэмада автор оқырманға кейіпкерінің қиын-қыстау сәттерде өзін-өзі ұстауы, айла тауып әрекет жасауы, ширақтығы сияқты қасиеттерді үлгі етіп, құсбегілік өнердің қатерлі екенін ескертеді. Ақын Тінейдің ақылдылығы мен ептілігін баяндап жатпай, бала көкейіне қонымды бейнелі оқиғалармен ықшамды жеткізеді. Ойымызды академик С.Қирабеавтың пікірімен сабақтасақ: «Біз өмір шындығын дәл бейнелеу дегенді көп айтамыз. Осы «дәл бейнелеу» дегеннің өзі не? Бұл – баланың өмірін жып-жылмағай, тартымсыз, көңілді де әсем етіп суреттеп қана қою емес. Өз бетімен өмірге ұмтыла түсіп, қай баланың болсын, өміріне, тіршілігіне бөгет жасар қиындықтарға ұшырайтыны белгілі. Ендеше, біз кітаптарымыз арқылы жас ұрпақты арамдыққа, әділетсіздікке, қаталдыққа қарсы күресуге әрқашан дайындық сезімге баулуға тиіспіз. Жас жүрек қиыншылық үстінде ер жетіп, жол табады. Жасты есейтетін тек үгіт қана емес, сезім, өмірдің тартысын сезіну. Кейде қайғы да бала сезімін есейтеді, оның есін кіргізеді» [7, 23].

Ертегі поэманың өзіне тән ерекшеліктері қандай десек, біріншіден мазмұнындағы ойлылық пен жинақылық, екіншіден тың тақырыптың жырлануында, үшіншіден ақын қай оқиғаны суреттесе де, бала көзімен, соның түсінігімен, қиялымен қарайды, психологиясын түсінуге тырысады, төртіншіден

тіршіліктің үлкен де күрделі мәселелерін бала көзқарасымен, танымымен баяндайды. Мұның бәрі Сапарғали Бегалиннің балалар әдебиетіндегі поэма жанрындағы өзіндік қолтаңбасы, дара ізденістері десек, сондай-ақ балалар ақынына тән тұлғасы да танылып, ерекшелене түседі. Поэма жас оқырмандардың қабылдауына ықшамды 7-8 буынды жыр өлшеміне құрылған.

Балалар поэмасында дәстүрлі тақырыптың бірі – оқырманды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу. «Балалар поэзиясы – уақыт дамуына орайласа туындайтын түрлену, жаңғыру, жаңару сияқты алуан сипатты өзгерістерге бейім көркемдік-шығармашылық құбылыс» [8, 6] екенін ескерген автор адамгершілік қасиеттердің мәнін бала санасына сіңіруде ақылдылық пен надандық, әділдік пен әділетсіздіктің мәңгілік тартысын ертегі, аңыздың көркемдік амал-тәсілдерін ұтымды қолдана отырып, бала ұғымына сай жеткізеді. Мұндай ертегі, аңыздар жас оқырман үшін адам мен дүние танудың алғашқы бастамасы тәрізді.

«Балалар әдебиеті – бұл өнер. Өнер ретінде ол жалпыланған идеяларды жарқын, көркем формада - нақты образдарда көрсетумен сипатталады» [9, 6]. Ақынның балаларға арнап ертегі ізімен жазған «Ұр, тоқпақ» поэмасы – бұл ойымыздың айқын дәлелі десек болады.

«Ертеде, ерте, ерте күнде,
Ешкі жүні бөрте күнде,
Жер жаялықтай,
Аспан тебінгідей екен.
Онда өзеннің басы
Арық сияқты жіңішке екен.
Алтайдың тасы –

Қиыршық ұсақ күмісті екен» [5, 185], – деген кіріспемен басталады. Шығарманың бұлайша басталуы халық ауыз әдебиетіндегі ертегі жанрының дәстүрлі кіріспесін еске түсіреді. Осы орайда М.Әуезовтің: «Қазақ ертектісінің бәрі де көптен-көп ертегісін: «ертеде бір бай бопты», «ертеде бір хан бопты», «ертеде бір кемпір мен шал бопты» деп бастайды. Немесе, «ертек-ертек ерте екен» деген сияқты көпке ортақ, ерекше, өлеңше бастауымен келеді. Кейде «ерте күнде ұш ағайынды жігіт бопты» деген сөздер ертегінің басын бастайды.

Осылайша ертегінің алдында үнемі айтылып отыратын дағдылы сөздері әңгіменің жолын ашады, жөнін аңғартады. Айтылатын өзге әңгіме емес, ертегі, оның өзге сөзден бөлек, өзіне тән айшығы, өрнегі бар. Тыңдаушы соны аңғарсын да, есітер әңгіменің ерекшелігіне бейімделе берсін демек» [10, 415] – деген пікірін еске ала кеткен орынды.

Ақынның поэмадағы буын, сөз ұйқастарына қоса, «е», «а», «ж» дыбыстарын үндестіруі кіші жастағы балалардың дыбыс әсерлігін ескергендігімен сабақтас. Сондай-ақ поэмада кішірейту («жер жаялықтай», «аспан тебенгідей») тәсілінің қолданысы да бар.

Шығармада бақшасындағы тарыға ұрлыққа түскен қаздың арқасында мол дәулетке кенелген кедей шал мен кемпірдің басынан өткен қызықты оқиғалар баяндалады. Адалдық пен арамдықтың қатар жүретінін көрсеткен туындыда әділет төрешілік жасайды. Аңқау шалдың аңғалдығын пайдаланған мыстан кемпірдің зұлымдығын қаз сыйлаған «Ұр, тоқпақ» әшкере етеді. Қолда барды қанағат тұтпаған мыстан кемпірдің бейнесі, өзіне серік, достықты қадірлей білетін қаз тұлғасы шығармада әралуан оқиғаларда көрініс берген.

«Ұр, тоқпақ» ертегі поэмасының оқиғасы бала қабылдауына жеңіл, логикасына сіңімді, мазмұнының түсінікті әрі қызғылықты келуімен ерекшеленеді. Ақын өз өлеңдерінде балдырғандардың танымына сай болу үшін, автор ертегі жанрына тән ерекшелік пен балалар шығармасына қойылатын талаптарды сақтай жазған.

«Балық аулап, тұзақ құрып,
Арық қазып суды бұрып,
Тары өсіріп, талқан жеп,
Қамыстан өрген үйі бар,
Болар-болмас күйі бар,
Тұрады екен кемпір-шал» [5, 202].

деген жолдармен ақын оқырмандарға поэманың негізгі кейіпкерлері кемпір мен шалдың қарапайым тұрмысын хабардар етеді. Поэмада автор оқырмандарын ертегінің басты кейіпкерлерімен таныстырып алғаннан соң ғана негізгі оқиғаны баяндауға кіріседі. Шығармадағы ақын қолданған тәсіл – диалог. Момын шал мен кемпір, шал мен қаз, қойшы бала мен шал, шал мен мыстан кемпір диалогтары оқиғаны ықшам әрі бала қабылдауына орай жинақы өрбітуімен байланысты. Шалдың еккен көк тарысына қаздың ұрлыққа түсуі, көп кешікпей тұзаққа түскен қаздың бейнесі поэмада:

«Мені босат, жанымды қи,
Тілегіңді айт, мен беремін.
Тойғаныңша берейін сый,
Сені байға теңгеремін.
Қалың жылқым өр жайлауда,
Сортаң жерде жатыр түйем.
Қойым толы кең қойнауға,
Тоғай толы сиырыммен.
Бәрін берем не керегің,
Кел де ала бер қалағаның.
Билігіңде бәрі сенің

Бар тілегім шыбын жаным» [5, 206], – деген жолдар арқылы ашылады. Қаздың айтқан сөзіне иланып, оны ашылады. Қаздың айтқан сөзіне иланып, оның тілегін орындап, бауыздамай қоя берген шалдың бейнесі шығармада адалдық пен қайырымдылықтың символы. Ақын өз оқырмандарының зейінін

кейіпкердің адамгершілік қасиетіне аударып отырып, оларға қамқорлықтың мәнін көрсетеді. Бұдан әрі поэмада шалдың үйге құр қол келгенін көрген кемпірінің ашуланған бейнесі сомдалады:

«Қаз алдаса қоя берген,
Ақылың жоқ антұрған шал
Онан да бар, тез алып кел,
Қаздың етін, сол тілегім» [5, 209].

Шалдың ендігі беталысы – қаз досының мекенін тауып алып, одан көмек сұрау. Алтай тауын аралап, Ертіс өзенін жағалап жүріп шал бір қойшыға кез болады. Жөн сұраса келе қойшының алдындағы қойы қаздың малы екені анықталады. Қойшы шалға қаздың құнды үш мүлкі бар екенін айтады.

«Оның бірі – «қайна қазан»,
Керек астың өзі пісер.
Қашан айтсаң қай уақытта,
Дайын болар асың ішер.
Біреуі оның асыл есек,
Тек «құс» десең алтын құсар.
Қазынаңда болмайды есеп,
Санауға да ішің пысар.
Біреуі оның «ұр, тоқпағы»,
Тек айтсаң-ақ төпелейді.
Тек «ұр, тоқпақ» десең тағы

Хан ба, бай ма, елемейді» [5, 212], – деп шын ықыласымен жауап береді. Шығармадағы шалдың осылай қойшыға кездесуі оқиғаның даму үстінде екенін көрсетеді, яғни оқиға жылдамдықпен өрбіп, әрі кішкене оқырманды жалықтырудан сақтайды. «Бүгінгі таңдағы әдебиетке, оның қай жанрына болсын қойылатын биік талаптардың бірі – драматизм» [11, 261]. Шалдың қаз сыйлаған «қайна қазанын», «құс есегін», «ұр, тоқпағын» мыстан кемпірдің айла тауып, алып қалуы – ертегінің драмалы тұсы. Адалдық пен арамдықтың қатар жүруі, олардың шиеленісі шығарма кейіпкерлерінің мінезін аша түскен. Автор поэмада екіжүзді, зұлым мыстанның айласын қаз сыйлаған «ұр, тоқпақ» арқылы әшкерелей отырып, шалдан алдап алған қазаны мен есегін кері қайтарып бергізеді. Құлығын асырып келген мыстан кемпірдің шалды оятып, көмек сұрауын автор юмор арқылы өрнектеген. Шығарма соңын автор:

«Сонан бері кемпір мен шал,
Аптағаны алтын, күміс,
Ішкендері шекр мен бал,
Қарық болып жаз бен қысы.
Тұрад дейді содан бері
Алтайды асып, Ертіс жайлап,
Сол есектің жүрген жері

Атаныпты Алтын аймақ» [5, 214], – деп ертегіге тән жақсылықпен аяқтайды. Адамдықтың асыл қасиеттері адалдық пен еркіндіктің жеңіске жетуі – поэманың негізгі түйіні.

«Алтайда өскен ақ тарыны

Қасиетін қаз біледі.

Өзі еккенмен тары сырын

Алтайлықтар аз біледі.

Деген нақыл ерте кезден

Ертегі боп ел сөзінде.

Осы ертегі бір сөзден

Туған екен сол кезінде» [5, 216], -

деп ақын поэмаға өзінің көзқарасын білдіреді. «Сөздің көркемдік-эмоционалдық қуаты көркем шығармада айқындалады. Ондағы автордың идеясы, ұстанымы көркем-бейнелі беріледі. Сөздің берілу стилі – мәдени норма. Яғни көркем туындының қай жанрдағы түрі де адам баласын терең игеруге жетелейтінін» [12, 121] ескерген автор поэмада – адалдық пен әділдіктің жақтаушысы. Поэманың тақырыбы – ізгілік, идеясы – залымдықты жеңген ізгілікті дәріптеу. Ертегі поэманың өміршеңдігі неде дегенде, жауыздық пен әділдіктің қақтығысын бала қабылдауына лайықтап бейнелеп, үлкен ойды бала санасына сіңіруде, айтылар ойдың тек образдан туындауын жүзеге асыруында және ертегінің эстетикалық заңдылығын сақтай жазуында. Сондай-ақ автордың ертегі кейіпкерлерінің бастан өткізген оқиғаларын суреттегенде көп жағдайда өз оқырманының жас ерекшелігін, олардың сұраныс-тілегін ескеріп отырғандығында. «Қазіргі қазақ балалар поэзиясында жоқ та емес, бірақ көп те еместің біреуі – ертегілер. Ертегімен табыспаған балалық шақ – жүдеу ғана емес, жарымжан, жетім деуге де келеді» [13, 136], – деген сыншы Б.Сарбалаевтың пікірі ертегінің бала өміріндегі орнын анықтап береді.

Сапарғали Бегалин аңыздар ізімен жазған «Сырлы қайнар» туындысы мектеп жасындағы оқушыларға арналған. Поэманы автор Сақпан қарттың әңгімесі арқылы өрбітеді. Шығарманың кіріспе бөліміндегі:

«Шықты бір топ жас ұландар

«Жамантының» бойын өрлеп,

Аққан өзен, өскен тал бар,

«Жаманты» өзен жатқан көлбеп.

Және жалғыз ағашы бар –

Қара өріктің өскен бір түп,

«Қасиетті ағаш, киелі су

Сырлары көп, - дейді, - оны жұрт» [5, 223] – деген жолдарынан Жаманты тауына саяхатқа шыққан балалардың іс-әрекеті сомдалады. Автор поэмада балалардың қайнар суын тұндырып жүрген сушы Сақпан қарттан тау мен өзен атының неге байланысты қойылғанын сұрайды. Сонда қарт көне заманның

аңызын балаларға жырдай ғып айтып береді:

«Ертеде екен ел әдеті –
Күшті әлсізін алған шауып.
Жаусыз жаққа түзеп бетін,
Жеңілгені кетеді ауып.
Сондай үлкен ұрыс болып,
Қазақ елі қырғын тапқан.
Ел сақтанбай көшіп-қонып,
Кез еді бір бейқам жатқан.
Жеңілген ел тастап көшіп
Малын, мүлкін, жерін, суын.

Тау қиялап, тасты кешіп» [5, 225], – деп қазақ халқының басынан өткен жаугершілік заманның елге әкелген зиянын баяндайды. Сондай ел басына күн туған шақта қолына найза алып, жаумен жалғыз алысқан Жаманты деген батыр болады. Аңызда батыр оқыс жағдайда, қысылтаяң шақта танылады. Ақын батырдың жау қоршауында қалған сәттегі кесек, өр мінезін суреттеп алады. Ерлік жасау үшін мінездің өткірлігі мен қайсарлығы қажеттігін бала түсінігіне әсер етер суретпен жеткізеді. Батыл да қайсар, өткір мінезді батырдың психологиялық портретін бейнелейді:

«Сонда қазақ қолын бастап,
Қашпай қайта жауға шапқан,
«Қашпаңдар, -деп – жерді тастап»,
Жаманты екен дабыл қаққан.
Ол ер екен елін сүйген,
Қымбат көрген арын жаннан.
Арыстандай жауға тиген,
Ат жүздіріп аққан қаннан.
Жалғыз келген Жаманты ерді
Қамапты жау сай басында.
Жау бұрын ап бекін жерді
Жан жоқекен ер қасында.
Жауқуаныпұстаймыздеп,
Жаяу өрлеп тасқа ұмтылған.
Сонда батыр жаудың тобын
Қопарып ап таспен ұрған» [5, 228].

Ақын Жамантының жаудан қаймықпаған қайсарлығын ұрпаққа үлгі етіп, патриоттық тәрбие беруді мақсат тұтады. Батырдың ерлігін ғана емес, туған елге деген сүйіспеншілік сезімін өрнектеуі де бала танымына әсерлі әрі ұтымды түрде суреттелген. Поэма соңында Жамантыға көмекке келген қазақ қолы жиналып кеп, дұшпанын жеңеді.

«Ерте етіп ерте күннен

Ер атымен тауды атаған.
Мына өрік пен мына бұлақ –
Белгі мұра содан қалған.
Жауды жеңіп, тарқап ыза,
Ер Жаманты тартқан садақ.
Сол ұрыста сынған найза
Сабын осы жерге қадап» [5, 232].

Сақпан қарт: «Жаманты батырдың атқан садағының оғы қадалған жерден су шығады. Ол су адам жанына мың да бір ем. Судың сырлы қайнар аталуы сол себепті. Батырдың сынған найзасы қадалған жерге өрік өсіп шығады» - әңгімесін аяқтайды.

Автор аңызда басты кейіпкер етіп атақты батырды емес, тек бір ұрыста асқан ерлік көрсеткен, бұрын тарихта аты аталмаған тұлғаны алады. Шығармада Сақпан қарттың әңгімесін тыңдаушы жас ұландардың сезім-күйлері де әсерлі бейнеленген. Қарт шежіресін тыңдап болған соң балаларды саяхатқа алып шыққан, табиғат пәнінің мұғалімі атайға бұлақтың пайда болу себебін ғылым тілімен түсіндіреді. Шипалы суға аруақ қонған дейтін нанымшыл қартқа бұлақтың жерт астындағы жылылықтан пайда болғанын ұғындыра бастайды. Ақынның негізгі идеясын оқушылар мен мұғалімнің сөздерінен аңғарамыз.

«Ел қорғаған ер баласын
Халық сыйлап құрмет қылып.
Өскен ағаш, тау мен тасын
Аңыз еткен соған бұрып.
Жер менен көк, су мен шөптің –
Өз тіршілік, өз сыры бар.
Ғылым көзін ашты көптің –
Мезгіл жетті сіз де ұғынар...» [5, 236].

Ақынның «Сырлы қайнар» поэмасы жас оқырмандарды ерлікке, қайсарлыққа, табандылыққа, сол арқылы биік мақсатқа жетуге шақырған мәні зор туынды.

Ақын өз поэмаларында ержүрек ерлердің ерлігін жырлау арқылы азаматтық тәрбие беріп, ұлттық намысты оята білді. Поэмадағы басты кейіпкер Жаманты бейнесі – жауына бас имей, ел-жерді қорғаған қазақ ерлерінің жиынтық бейнесі. Осы орайда академик С.Қирабаевтың: «Әдебиет эстетикалық категория. Олай болса, геройды табу жеткіліксіз. Оны адамға тән шындық негізінде әдеби бейнелеу керек, оның бойына рухани және идеялық ұстамдылықты, көркемдік сипаттарды дарыту керек» [14, 261] – деген пікірі ақын поэмасында айқын аңғарылады.

Поэма мектеп жасындағы жеткіншектерге арналғандықтан жас оқырманның ұғымына қонымды, тілі жеңіл. Ақынның поэманы сегіз буынды

жыр өлшеміне құруы балалардың жас ерекшелігін ескерумен қатар, оқиғаны жинақы жеткізуімен де ұтымды.

Нәтижелер. Жалпы, Сапарғали Бегалиннің поэмалары әртүрлі жастағы балаларға (бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жеткіншектерге) ұлттық тәлім-тәрбие беретін, баланың рухани байлығын арттыратын, уақыт, заман, қоғам шындығын танытатын, бала психологиясының әр алуан қырынан ашатын түрлі тақырыпта жазылуымен ерекшеленеді. Ғалым Қ.Алпысбайдың: «С.Бегалин поэмаларының этнографиялық сипаты басым. Әрине, бұл көпті көріп, көр тоқыған сақа қаламгерге тән жақсы нышан. С.Бегалин поэмалары – кейінгі ұрпаққа мол мұра» деген пікірі ақын поэмаларының өміршеңдігін айғақтай түседі.

Қорытынды. Ақынның балаларға арналған ертегі, аңыз поэмаларына тән сипат – фольклор үлгілерінің жырлануы, қиял-ғажайып ертегілері мен батырлық ертегілерінің элементтерін негізге ала отырып, заман шындығын бейнелеуде жаңаша, жаңғырта жырлау, халық ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыздарды өзгертпей, тек бірер өзгертулермен сомдау, сонымен қатар халықтық ертегі, аңыздарды әдеби өңдеу арқылы жырлау, ойдан ертегі, аңыз жазу арқылы балалар поэмасының өркендеуіне ықпал ету болып табылады.

Түйіндеп айтсақ, Сапарғали Бегалин поэмаларында ертегі мен аңыздық жүйе негізге алына отырып, әртүрлі оқиғалар, қым-қуыт тағдырлар, қилы заман қасіреті сөз болады. Оның шығармалары жас оқырман үшін тартымды, тәрбиелік, танымдық қасиеті мол, адамның дүниеге көзқарасын қалыптастырып, өмір сырларын ашатын өнер туындылары. Олай болса ақын поэмалары қазақ балалар әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар, рухани мұра болып табылары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1992. – 200 б.
2. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. – Алматы: Жазушы, 1989. – 184 б.
3. Temirbolat A., Imakhanbet R., Orda G., Ospanova A., Omarov T. Specific-embodiment of the national idea in Kazakh literature // Man in India. – 2017. – №97(20). – P.435-445. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85041682026&origin=reflist6> .
4. Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы: Жазушы, 1971. – 173 б.
5. Бегалин С. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Қазақ мемлекет көркем әдебиет баспасы, 1962. – 272 б.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. Кеңес дәуірі. (1941-1956). – Алматы: Қазақпарат, 2004. – 520 б.
7. Қирабаев С. Әдебиет және балалар өмірі // Жұлдыз, №8. 1969. – 23-28 б

8. Аманжол Ә. Қазақ балалар поэзиясы. – Астана: Фолиант, 2009. – 378 б
9. Ермагамбетова А., Иржанова С. Балалар әдебиетін аударудағы ерекшеліктер // Абылайхан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – Т. 61. – №2. – 2021. – 145 б. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2021.61.2.013>.
10. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 464 б.
11. Нұрғалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
12. Байтанасова Қ. Тәуелсіздік: сөз өнері және ұлттық код // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология. – №4 (184) / 2021. – 210-218. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph20>.
13. Сарбалаев Б. Ақиқат алдында. – Алматы: Жазушы, 1986. – 216 б.
14. Қирабаев С. Өнер өрісі. (Мақалалар мен зерттеулер) Кітапта: Балаларға арналған үлкен әдебиет жасайық. – Алматы: Жазушы, 1971. – 456 б.

А.К.ИБРАЙХАНОВА

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

МОТИВЫ СКАЗОК И ЛЕГЕНД В ПОЭМАХ САПАРГАЛИ БЕГАЛИНА

Аннотация. В этой статье рассматриваются и анализируются элементы сказаний и легенд в поэмах выдающегося представителя казахской детской литературы Сапарғали Бегалина. Цель статьи – отделить поэмы поэта от других произведений, основанных на сюжетах легенды, по-новому изучить современность, популяризировать творческий аспект поэта. Произведения Сапарғали Бегалина, внесшего значительный вклад в казахскую детскую литературу, до сих пор имеют только жанровую классификацию и никогда не рассматривались отдельно. В статье проанализированы художественно-идейные особенности поэм С. Бегалина «Қыран кегі», «Ұр, тоқпақ», «Сырлы қайнар», выявлена специфика изображения. В поэмах поэта были детально изучены изображение действий и сцен, создание образов персонажей, раскрытие их духовного мира.

Сапарғали Бегалин поэт, оставивший заметный след во многих литературных жанрах. Начав свое творчество с написания стихотворений, писатель, который также был сосредоточен на серьезных и крупных эпических произведениях, оставил после себя и прозаические произведения. Тематическая область, охватывающая творческое наследие, очень обширна, жанровый характер сложен, богат художественными особенностями. Основная идея его произведений, проработка его творчества требуют многолетнего кропотливого труда.

Ключевые слова: поэма, легенда, герой, автор, сказка, детская литература, возрастная особенность.

A.K.IBRAIKHANOVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**MOTIFS OF FAIRY TALES AND LEGENDS IN THE POEMS OF
SAPARGALI BEGALIN**

Abstract. This article examines and analyzes the trace of legends and legends in the poems of the outstanding representative of Kazakh children's literature Sapargali Begalin. The purpose of the article is to separate the poet's poems from other works based on the plot of the legend, to study modernity in a new way, to popularize the creative aspect of the poet. Because the works of Sapargali Begalin, who made a significant contribution to Kazakh children's literature, are still classified by genre and are not considered separately. In the article, S. Begalina's poems Begalina «Kyran kegi», «Ur, tokpak», «Syrly kaynar», were analyzed and the specifics of the creation were determined. In the poet's poems, it was studied how he skillfully painted such scenes as the creation of images of characters, the disclosure of their spiritual world.

Sapargali Begalin is a poet who has not gained a pen in all spheres of the literary genre. Having started his work by writing poetry, the writer, who also focused on heavy epic works, left behind prose works. The thematic area covering the creative heritage is very extensive, the genre character is complex, rich in artistic features, the main idea of his works, the elaboration of his work require many years of painstaking work. The works of this rich testator, which marked the beginning of today's scientific work, are part of a great work.

Keywords: poem, legend, hero, author, fairy tale, children's literature, an interesting feature.

References

1. Espenbetov A. Sūltanmahmūt Toraiğyrov. – Almaty: Čylym, 1992. – 200 b.
2. Narymbetov Ä. Uaqytşyndyğy – körkemdik kepili. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 184 b.
3. Temirbolat A., Imakhanbet R., Orda G., Ospanova A., Omarov T. Specific-sof embodiment of the national idea in Kazakh literature // Man in India. – 2017. – №97(20). – P. 435-445. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85041682026&origin=reflist6>.
4. Käkışev T. Synsapary. – Almaty: Jazuşy, 1971. – 173 b.
5. Begalin S. Öleñder men poemalar. – Almaty: Qazaq memleket körkem ädebiat baspasy, 1962. – 272 b.
6. Qazaq ädebiatınñ tarihy. 8-tom. Keñes дәuiri. (1941-1956). – Almaty: Qazaqparat, 2004. – 520 b.
7. Qirabaev S. Ädebiat jäne balalar ömiri // Jüldyz, №8. – 1969. – B. 23-28.

8. Amanjol Ä. Qazaq balalar poeziasy. – Astana: Foliant, 2009. – 378 b.
9. Ermagambetova A., İrjanova S. Balalar ädebiyatın audarudaғы ereкшелikter // Abylaihan atyndaғы qazaq halyqaralyq qatynastar jäne älem tilderi universiteti Habarşysy. Filologia ғылымдары seriesy. – Т. 61. – №2. – 2021. –145 b. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2021.61.2.013>.
10. Äuezov M. Ädebiettarihy. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 464 b.
11. Nürğaliev R. Telağys. – Almaty: Jazuşy, 1986. – 440 b.
12. Baitanasova Q. Täuelsızdıк: söz öneri jäne ülttyq kod // äl-Farabi atyndaғы QazÜU Habarşysy. Filologia. –No4 (184)/2021. –B. 210-218. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph20>.
13. Sarbalaev B. Aqiqataldynda. – Almaty: Jazuşy, 1986. – 216 b.
14. Qirabaev S. Öner örisi. (Maqalalar men zertteuler) Kitapta: Balalarğa arnalğan ülken ädebiет jasaiyq. – Almaty: Jazuşy, 1971. – 456 b.

Автор туралы мәлімет:

Ибрайханова Ақмарал Қоңырықызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан

Ибрайханова Акмарал Коныровна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Ibraikhanova Akmaral Konyrovna – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan